

БАКАЛАВРИАТҚА ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жалпы ережелер

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясына (ОҚМА) адамдарды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау және мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың бюджеттен тыс және өз қаражаты есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

ОҚМА-ға жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар адамдар қабылданады.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижесі бойынша төмендегідей балл жинаған адамдар жіберіледі:

кемінде 60 балл – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»

кемінде 70 балл – «Фармация»

кемінде 70 балл – «Қоғамдық денсаулық»

кемінде 70 балл – «Медициналық-профилактикалық іс»

кемінде 70 балл – «Мейіргер ісі»

кемінде 80 балл – «Медицина»

кемінде 80 балл – «Стоматология»

кемінде 80 балл – «Педиатрия»

Бұл ретте ҰБТ-ның Қазақстан тарихы және екі бейіндік пәндері бойынша кемінде 5 балл, ал Оқу сауаттылығы мен Математикалық сауаттылықтан кемінде 3 балл алу қажет.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға арналған жоғары білімнің беру грантын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша – кемінде 25 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні бойынша кемінде 5 балл жинаған адамдар жіберіледі.

ҰБТ-ны электрондық форматта өту кезінде республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру

конкурсына оқуға түсуші ОҚМА бекіткен қажетті балл саны бар ҰБТ-ның нәтижесімен қатыса алады.

Осы тармақта көрсетілген талаптар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғаларға қолданылмайды.

ОҚМА Білім туралы Заңың (Заңың) 43-1-бабы 2-тармағының 6) тармақшасына сәйкес Заңың 26-бабының 8 және 9-тармақтарында көрсетілген түсушілерді қоспағанда, қабылдау тәртібін, нысанын, қосымша емтихан өткізу бағдарламасын және өту балын даярлық бағытының ерекшеліктерін ескере отырып түсушілер үшін айқындайды.

Қосымша емтиханға қатысу үшін өтінішті қабылдау, оны ОҚМА-ның өткізуі 01 шілде мен 20 тамыз аралығында жүзеге асырылады, бұл ретте білім беру грантын беру конкурсына қатысушылар үшін қосымша емтихан конкурсқа қатысуға өтініштерді қабылдау басталғанға дейін өткізіледі.

Түсушілер ОҚМА-да белгіленген балдарға сәйкес және (немесе) қосымша емтиханға қатысуға өтініш береді.

Түсуші қосымша емтиханнан өткен және (немесе) ОҚМА-да белгілеген шекті өту балын жинаған жағдайда ОҚМА-ға қабылданады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылданады.

"Орта буын маманы" немесе "қолданбалы бакалавр" біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар ОҚМА-ға қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде оқуға түсушілерді қабылдауды ОҚМА-ның қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

ОҚМА-ға жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына ақылы негізде қабылдауды ОҚМА-ның қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды ақылы негізде ОҚМА-ға оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде ОҚМА-ның қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Мерзімді әскери қызмет өткерген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары

мерзімді әскери қызмет өткөргеннен кейін екі жыл ішінде күнтізбелік жыл ішінде ОҚМА қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша оқудың қысқартылған мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткөрген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеле сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Шетел азаматтарын ақылы негізде ОҚМА-ға қабылдау ОҚМА-ның қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеле сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5(бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

ОҚМА-ға түсушілерді қабылдау Заңның 26-бабының 8-1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, "Білім беру үйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазанды № 502 бүйрүғымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгідегі сертификат және (немесе) үміткердің бірегей деректері бар ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелерін растайтын Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында орналастырылатын электрондық сертификат (бұдан әрі – ҰБТ сертификаты) балдарына сәйкес олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

ОҚМА басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына ОҚМА-ның басшысы, проректорлар (ОҚМА басшысының орынбасарлары), ОҚМА құрылымдық білімшелерінің басшылары мен профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясы құрамының саны тақ санды құрайды. Қабылдау комиссиясының төрағасы ОҚМА-ның басшысы болып табылады. ОҚМА басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бүйрүғымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

Арнаулы емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі

Арнаулы дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша, оның ішінде "Денсаулық сақтау" («Медицина», «Стоматология», «Педиатрия», «Медициналық-профилактикалық

ic») білім беру салалары бойынша оқуға қабылдау арнаулы емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Арнаулы емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін ОҚМА басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен емтиханды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

Комиссияның құрамына профессорлық-оқытушылық құрамы, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

Арнаулы емтихан психометриялық тестілеу түрінде өткізіледі.

ОҚМА-ға "Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша оқуға түсушілердің құжаттарын қабылдау және оқуға түсү үшін арнайы емтихан өткізу ОҚМА орналасқан жері бойынша күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 24 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

"Денсаулық сақтау" білім беру салалары бойынша ОҚМА-ға түсүші адамдар ОҚМА-ның қабылдау комиссиясы өткізетін бір арнаулы емтихан тапсырады.

"Денсаулық сақтау" білім беру салалары бойынша ОҚМА-ға түсүші адамдар үшін Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі), екі бейіндік пән бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша "Денсаулық сақтау" білім беру салалары бойынша ОҚМА-ға түсүші тұлғалар үшін ақылы оқуға қабылданатын түсушілерді қоспағанда жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша балдар ескеріледі.

Арнаулы емтиханды өткізу бағдарламаларын ОҚМА әзірлейді және қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

Арнаулы емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін оқуға түсүшілердің назарына жеткізіледі және ОҚМА-ның ресми интернет-ресурсында жарияланады.

"Денсаулық сақтау" білім беру салалары бойынша оқуға түсүшілер үшін арнаулы емтихан "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады.

Арнаулы емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

"Денсаулық сақтау" білім беру салалары бойынша арнаулы емтихандардың нәтижелері бойынша түсүшіге арнаулы емтихан тапсыру орнына қарамастан ЖОО-ға ұсыну үшін рұқсат беру ведомосынан үзінді беріледі.

Емтихандарды өткізу кезеңіне арнаулы емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында ОҚМА басшысының немесе оның міндегін атқарушы тұлғаның бүйрығымен төрағасын қосқанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы емтихан тапсырған адам өзі тапсырады, ол арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

Меншік нысанына қарамастан республикалық және жергілікті бюджет қарожаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін және (немесе) ақылы негізде оқуға қабылдау үшін қосымша және арнаулы емтиханның қорытындысын қосымша және арнаулы емтихан аяқталған күні ОҚМА қабылдау комиссиясы Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

Қабылдау тәртібі

ОҚМА-ға қабылдау үшін көрсетілетін қызметті алушылар ОҚМА-ға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) ОҚМА-ның қабылдау комиссиясы арқылы немесе www.gov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес "Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оку орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын ұсынады.

Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған не қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіндегі" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мэртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындауды, ол өтініш берушіге порталдағы "жеке кабинетінде" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге ОҚМА-ға қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 25 тамыз аралығында ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін ОҚМА басшысы көрсетілетін қызметті алушыны ОҚМА студенттерінің қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуі қамтамасыз етеді.

Ғылым және жоғары білім саласындағы үәкілетті орган осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және көрсетілетін қызметті берушіге жолдауды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі үәкілетті органға берілуі мүмкін.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңынң 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түсken көрсетіletіn қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілдепті органның атына келіп түсken көрсетіletіn қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетіletіn қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

Түсушілерді республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен немесе ақылы негізде қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқу үшін ОҚМА-ның студенттері қатарына қабылдауды ОҚМА басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен ОҚМА-ның қабылдау комиссиялары күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 25 тамыз аралығында өткізеді.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімді кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, ОҚМА белгіленген шекті балл алмаған (ҰБТ нәтижесі бойынша), бейінді пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижелері бар, ҰБТ нәтижелері жойылған орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар ОҚМА-ға күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылданады.

ОҚМА-да жаңа оқу жылы аяқталғанға дейін осы тұлғалар ҰБТ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қафидаларында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 204 бұйрық) белгіленген мерзімде тапсырады.

ОҚМА-да белгіленген шекті балды қайта жинамаған адамдар 1 (бірінші) оқу жылы аяқталғаннан кейін тапсырылатын ҰБТ нәтижелері бойынша ОҚМА-дан шығарылуға жатады.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері куәлікте көрсетілген ОҚМА-ға қабылдау туралы өтініш береді және ОҚМА басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен студенттер қатарына қабылданады.

Мемлекеттік грант негізінде окуға түсken Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің

міндетін атқарушының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33291 болып тіркелген) бекітілген Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларында және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33345 болып тіркелген) бекітілген "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларында белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

ҰБТ-ның нәтижелері бойынша ОҚМА-да белгіленген шекті балды жинаған адамдар ОҚМА басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде ОҚМА-ға қабылдау туралы өтініш береді.

ОҚМА-ға қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары мен тілдік бөлімдері бойынша жеке жүргізіледі.

"Денсаулық сақтау" білім беру салалары бойынша қабылдау арнаулы емтихан нәтижелері есепке алына отырып жүргізіледі.

Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, ол құжаттарының қаралып жатқандығы туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған кезде ОҚМА-ның студенттері қатарына қабылданады.

Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдауға дейін төленуі тиіс соманы төлеу мерзімі білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден бастап 4 (төрт) аптадан асырылмай ұзартылады.

Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалдық куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

ОҚМА қабылдау аяқталғаннан бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілдегі органға ОҚМА-ға студенттерді қабылдау бойынша қорытынды есеп ұсынады.

"Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	ОҚМА – (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
2.	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Отінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру: 1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) www.gov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырган сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде 1 жұмыс күні.
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінәра автоматтандырылған) қағаз түрінде.
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі № 39 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша құжаттарды қабылдау туралы қолхат беру және ОҚМА-ға қабылдау туралы бұйрық болып табылады. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық немесе қағаз түрінде. Көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі үшін қағаз жеткізіште жүгінген кезде нәтиже қағаз жеткізіште ресімделеді. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтанбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында білім беру үйіміна қабылданғаны туралы хабарлама келеді.
6.	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемакы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызметті көрсетіледі.
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	Көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Портал: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына

		<p>сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке құндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекен-жайлары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Министрліктің интернет-ресурсында: www.edu.gov.kz; 2) порталда: www.egov.kz орналастырылған.
		<p>көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ЖЖОКБҰ басшысының атына еркін нысандағы өтініш; 2) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжат (төлнұска); 3) жеке басын куәланыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет); 4) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосурет; 5) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандығы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама; Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру үйімдарына медициналық анықтама ұсынады. 6) ҰБТ сертификатын; 7) ведомостан үзіндін (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде "Денсаулық сақтау" білім беру салалары бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін); 8) білім беру грантын тағайындау туралы электрондық күәлік. <p>Көрсетілетін қызметті алушылар – Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар, женелдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының катысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анаһынан айырылған немесе ата-анаһының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары басым құқық пен квота беруді растайтын құжаттарды қосымша ұсынады.</p> <p>Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растиған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірін қосымша тапсырады.</p> <p>Осы 2) тармақшада көрсетілген құжат көшірмесімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.</p> <p>портал арқылы өтініш жасаған кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; 2) жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) немесе жоғары білімі туралы құжаттардың электрондық көшірмесі (акпараттық жүйелерде мәліметтер болмаган жағдайда);
8.	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	<p>Көрсетілетін қызметті алушылар – Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын I және II топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар, женелдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының катысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, жетім балалар мен ата-анаһының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анаһынан айырылған немесе ата-анаһының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары басым құқық пен квота беруді растайтын құжаттарды қосымша ұсынады.</p> <p>Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растиған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірін қосымша тапсырады.</p> <p>Осы 2) тармақшада көрсетілген құжат көшірмесімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.</p> <p>портал арқылы өтініш жасаған кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦК қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; 2) жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) немесе жоғары білімі туралы құжаттардың электрондық көшірмесі (акпараттық жүйелерде мәліметтер болмаган жағдайда);

		<p>3) 3x4 көлеміндегі цифрлық фото;</p> <p>4) № КР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;</p> <p>Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру үйімдарына медициналық анықтама ұсынады;</p> <p>5) ҰБТ сертификаты;</p> <p>6) білім беру грантын беру туралы электрондық күәлік.</p> <p>Жеке басын күәландағыратын құжат туралы, жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастауыш және орта кәсіптік, орта білімнен кейінгі) білімі туралы мәліметтерді, медициналық анықтама, ҰБТ электрондық сертификаты және білім беру грантын беру туралы электрондық күәлік (ақпараттық жүйелерде болған жағдайда) көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ақпараттық жүйе арқылы алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы порталда "жеке кабинетінде" ОҚМА-ға қабылдау үшін құжаттардың қабылдағаны туралы хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құнтізбелік жылдың 20 маусым -25 тамызы аралығында құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады.</p> <p>ОҚМА-ға қабылдау үшін мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтар ОҚМА қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <p>1) ОҚМА басшысының атына еркін нысанда өтініш;</p> <p>2) білімі туралы құжат (түпнұсқа);</p> <p>3) жеке басын күәландағыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);</p> <p>4) өлшемі 3 x 4 сантиметр болатын 6 фотокарта;</p> <p>5) "денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандагы № КР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) электрондық форматтағы 075/e нысаны бойынша медициналық анықтама (бұдан әрі - № КР бұйрығы ДСМ-175/2020). Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралар алынып тасталуына қарай тікелей білім беру үйімдарына медициналық анықтама ұсынады;</p> <p>6) әскери билеттің көшірмесі;</p> <p>7) мерзімді әскери қызмет өткергенін растав туралы анықтама (ХҚКО-дан немесе E-GOV ақпараттық жүйесі арқылы алынған).</p>
9.	Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер	<p>Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден келесі негіздемелер бойынша бас тартады:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.</p>
10.	Мемлекеттік қызмет көрсету, рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут; электрондық оның ішінде 2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут (практиканы ескере отырып).	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут (практиканы ескере отырып).</p>

нысанды және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысандада алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесін туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтері, Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz және бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.</p> <p>Бірыңғай байланыс орталығы "1414", 8-800-080-7777.</p>
--	---